

**«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры
мен «Archimedes Medical Group» ЖШС арасындағы
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

*пациенттерді шетелдік клиникаларға емдеуге жіберуді
ұйымдастыру мәселелері туралы*

Астана қ.

2025 жыл

Осы ынтымақтастық туралы меморандум «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры мен «Archimedes Medical Group» ЖШС (бұдан әрі – Тараптар) арасында жасалады.

Белгілі бір себептермен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жіберіле алмайтын пациенттерді шетелдік медициналық ұйымдарға емдеуге жіберу қажеттілігін түсіне отырып, Тараптар төмендегілер туралы келісті:

Тараптардың әрқайсысының осы Меморандумда айқындалған міндеттемелері болады.

I. Меморандум мәні

1. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қор):

1) бейінді республикалық ұйымның қорытындысы бойынша шетелге емделуге жіберуге мұқтаж азаматтардың өтінімдерін қарайды;

2) шетелдік клиниканы, бағдарламаны және емдеу құнын таңдау қажеттілігі туралы сұрау салуды жібереді;

3) қажет болған жағдайда уәкілетті органдармен бірлесіп шетелдік медициналық ұйым ұсынған пациенттерді емдеу бағдарламасын пысықтау және келісу үшін шетелде емдеуді ұсынған республикалық денсаулық сақтау ұйымының бейінді мамандарын тартады;

4) емдеу жүргізу бойынша шетелдік медициналық ұйымды таңдау құқығын өзіне қалдырады.

2. «Archimedes Medical Group» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік):

1) шетелдік медициналық ұйымдарды іріктеуді жүзеге асырады, көрсетілетін қызметтер тізбесін және оларды көрсету мерзіміне олардың құнын (баға ұсынысын) көрсете отырып, пациентті емдеу бағдарламасын шетелдік медициналық ұйымдардан сұратады және Қордың қарауына ұсынады (балама ретінде 2-3 клиника);

2) көрсетілетін қызметтер тізбесін, олардың құнын, көрсету мерзімін (баға ұсынысын) белгілей отырып, шетелдік медициналық ұйымдардан пациентті емдеу бағдарламасын сұратады;

3) шетелдік медициналық ұйыммен шарт жасасуды әзірлейді, келіседі және ұйымдастырады;

4) бағдарлама мен емдеу құны өзгерген кезде Қорды хабардар етеді, қосымша шарт жасасуға жәрдем көрсетеді;

5) пациентті емдеу аяқталғаннан кейін шетелдік медициналық ұйымда пациентті емдеуді ұйымдастыру және жүргізу бойынша орындалған жұмыстардың актісін береді;

- 6) Қордың өтінімі бойынша авиа/теміржол билеттерін брондауды және (немесе) сатып алуды жүзеге асырады;
- 7) Қорды емдеу бағдарламасының өзгергені, пациентті шетелдік медициналық ұйымда емдеуді жалғастыру қажеттігі туралы хабардар етеді;
- 8) қажет болған жағдайда пациентті емдеу аяқталғаннан кейін шетелдік медициналық ұйымның мамандарымен онлайн консультация ұйымдастырады.

II. Өзара әрекеттесу формасы

3. Осы Меморандумның 1-бөлімінде көрсетілген ынтымақтастық салалары мынадай нысандарда іске асырылатын болады:
- 1) Тараптар өкілдерінің кездесулері;
 - 2) Тараптар арасындағы ынтымақтастық саласындағы ақпаратпен, жалпыға қолжетімді материалдармен және жарияланымдармен алмасу;
 - 3) Тараптар бірлесіп айқындайтын ынтымақтастықтың басқа да нысандары.
4. Меморандумды түсіндіруге және (немесе) орындауға байланысты туындайтын кез келген келіспеушіліктер Тараптардың өзара келісімі бойынша консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.
5. Осы Меморандум Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін. Мұндай өзгерістер жеке қосымша келісіммен ресімделеді және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

III. Құпиялылық

6. Осы ынтымақтастық шеңберінде Тараптар ұсынатын ақпарат құпия болып табылады және жария етуге жатпайды.

IV. Қорытынды ережелер

7. Меморандум оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.
8. Тараптардың кез келгені Меморандумның қолданылуын кез келген уақытта басқа Тараптарға жазбаша хабарлама жіберу арқылы тоқтата алады. Жазбаша хабарлама басқа Тараптар осындай хабарламаны алған күннен бір айдан кейін күшіне енеді.
9. Меморандумға Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан қазақ және орыс тілдерінде қол қойылды. Түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда қазақ тіліндегі мәтін басым болады.

V. Тараптардың қолдары

«Archimedes Medical Group» ЖШС



Ж.К. Джапаркулова

«Қазақстан халқына»
Қоғамдық қоры



Л.А. Чинкисбаева